

Тұтынуға жұмсалатын қаражатты мемлекеттік реттеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 10 қаңтардағы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.07.18. N 2367 жарлығымен. ~U952367

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының негізінде және тұтынуға жұмсалатын қаражатты мемлекеттік реттеу мақсатында қаулы

е т е м і н :

1. Былай деп белгіленсін:

- табыс салықтарын төлегеннен кейін және бюджетке басқа да төлемдер жасағаннан кейін меншіктің және шаруашылық жүргізудің барлық нысандарындағы кәсіпорындарда қалған пайда /таза пайда/ алып қоюға жатпайды және оны меншік иесі белгілеген тәртіп бойынша өздері бөледі.

Пайдадан тұтынуға жұмсалатын қаражат Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген норматив бойынша анықталады.

- тұтынуға жұмсалатын қаржының оның нормаланғандағы көлемінен асып кеткен сомасы пайдаға салық салынатын қосымша объект болып табылады;

- откізілген өнімнің /жұмысының, көрсеткен қызметтің/ өзіндік құнының құрамында қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудегі нақтылы шығыстарын олардың нормаланған шамасымен салыстырғандағыдан асырып жіберген кәсіпорындар, меншік нысанына және қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижесіне қарамастан, бюджетке пайдадан алынатын салықты осы шығыстардың артып кеткен сомасынан төлейді.

Бұл ретте еңбек ақы төлеу шығыстарының белгіленген тәртіппен анықталатын осы шығыстардың нақтылы есептелген шамасы мен нормаланған шамасы арасындағы айырма ретінде есептелген артып кеткен сомасына пайдадан алынатын салық 4 коэффициенті қолданылып, қазіргі ставкасы бойынша

с а л ы н а д ы .

Откізілген өнімнің өзіндік құнына қосылатын еңбекке ақы төлеу шығыстарының нормаланған шамасын анықтау тәртібін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейді.

Осы тармақтың қағидалары Қазақстан Республикасының Зандарына сәйкес тіркелген жарлық қорына шетел капиталының үлесі 30 проценттен асатын шетелдік қатысушылары бар кәсіпорындарға қолданылмайды.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті меншіктің және шаруашылық жүргізудің барлық нысандарындағы кәсіпорындар үшін тұтынуға жұмсалатын қаражатты мемлекеттік реттеудің тетігін әзірлеп, бекітетін болсын.

3. Осы Жарлықтың Заңмен бірдей құші бар және ол Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 13 ақпанда қабылданған "Кәсіпорындар туралы" Заңына /Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., N 96-бап, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 10,

253-бап/ және Қазақ ССР-інің "Кәсіпорындардан, бірлестіктер мен үйымдардан алынатын салық туралы" 1991 жылғы 14 ақпандағы Заңына /Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., N 9, 116-бап/ тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін қолданылатын болады.

4. Жарлық 1994 жылғы 1 қаңтардан бастап құшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Алматы қаласы. 1994 жылғы 10 қаңтар
N 1495